



ЦИФРЛЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

2-БЕТ



ТЫҢ ИДЕЯЛАР ҚАЛАСЫ


5-БЕТ



ШАҺАР ШЫРАЙЫ

12-БЕТ

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



ӘКІМ



ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

Шаһар басшысы жобаларды жеделдетуді тапсырды

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды қалалық басқармалар мен коммуналдық мекемелердің басшыларымен кеңейтілген аппараттық кеңес өткізді. Жиында қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен бюджет қаражатына салынып жатқан нысандардың қазіргі жағдайы талқыланды.

Құрылыс басқармасының басшысы Нұрбол Нұрсағатовтың мәліметінше, бүгінде қалада 94 жоба іске асырылып жатыр. Соның 32-сі іс жүзінде аяқталған. Тағы 28 нысанды жыл соңына дейін пайдалануға беру көзделсе, 34 жобаның құрылысы келесі жылы жалғасады.

Жобалардың басым бөлігі білім беру саласына тиесілі. Бұл бағытта 31 нысан қамтылған. Атап айтқанда, «Зерделі» және «Саялы» шағынаудан-

дарында жаңа мектептер мен балабақшаның құрылысы аяқталды. Сонымен бірге, бірқатар білім беру нысаны қайта жаңғыртылып, сейсмикалық тұрғыдан күшейтілді.

Денсаулық сақтау саласында 13 жоба қолға алынған. Олардың қатарында «Алтай-1» және «Шұғыла» шағынаудан-дарында, сондай-ақ Әйтеке би көшесінде бой көтеріп жатқан, әрқайсысы ауысымына 500 адам қабылдайтын үш жаңа емха-

на бар. Бұған қоса, екі перзентхананың жаңа ғимараттары салынып жатыр.

Әлеуметтік осал топтарға және бюджет саласының қызметкерлеріне арналған тұрғын үй құрылысы мен баспана сатып алу жұмыстары да жалғасуда. Қалалық полиорталықтарда спорт, мәдени және әкімшілік нысандармен қатар жол инфрақұрылымы жобалары жүзеге асырылып жатыр.

Мегаполис әкімі жауапты басшыларға құрылыс жұмыстарының белгіленген мерзімде аяқталуын және нысандардың уақытылы пайдалануға берілуін қамтамасыз етуді тапсырды. Әсіресе, дайындық деңгейі төмен, жұмысы баяу жүріп жатқан жобалардың қарқынын арттыру қажеттігін атап өтті.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ЦИФРЛЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

қалыптасып келеді

Қазақстанның цифрлы трансформациясы жаңа кезеңге аяқ басты. Бұған дейінгі негізгі міндет мемлекеттік қызметтерді онлайн форматқа көшіру және цифрлы инфрақұрылымды қалыптастыру болса, ендігі кезеңнің мазмұны әлдеқайда кең. Алдымызда жасанды интеллектіні мемлекеттік басқаруға енгізу, деректерді шешім қабылдаудың негізгі ресурсына айналдыру, цифрлық инфрақұрылымды ұлттық деңгейде біріктіру және азаматқа қызмет көрсетудің проактивті моделіне көшу. Үкіметтің 2025 жылғы Президент Жолдауын іске асыру барысы туралы есебі осы өзгерістің ауқымын көрсетеді.

Басқарудың жаңа үлгісі

11 қыркүйекте ҚР Премьер-министрінің сайтында цифрландыруға байланысты ақпарат жарияланды. Үкіметтің есебіне сүйенсек, Президенттің Қазақстан халқына арнаған «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында берген тапсырмалары жүйелі түрде орындалуда. Мысалы, мемлекеттік қызметтердің 90%-дан астамының онлайн форматта қолжетімді және eGov GPT іске қосылған, сондай-ақ ЖИ ассистенттері 2 млн.-нан астам сұранысты өңдеген. Бұдан бөлек, ұлттық суперкомпьютер қалыптасуда және өңірлер Smart Region қағидатына көшірілуде. Мұның бәрі Қазақстанның цифрлы дамуында жаңа сапалық деңгей қалыптасып келе жатқанын аңғартады. Алайда, бұл бір күнде қалыптаспаған үдеріс. Қазақстанның цифрлық реформасының алғашқы кезеңі негізінен «мемлекеттік қызметті электронды түрде алу» моделіне сүйенді. Бұл кезеңде eGov, электронды цифрлық қолтаңба, мобильді қосымшалар мен онлайн сервистер азамат пен мемлекет



(Коллаж: ЖИ арқылы дайындалды).

арасындағы байланысты айтарлықтай жеңілдетті. Қазір бұл модель біртіндеп келесі деңгейге көтерілуде. eGov GPT арқылы азаматтарға ең көп қажет 51 мемлекеттік қызметтің қолжетімді болуы және олардың азаматтар өтініштерінің шамамен, 30%-ын қамтуы осы өзгерістің маңызды көрсеткіші. Үкімет жыл соңына дейін бұл үлесті 70%-ға жеткізбек. Яғни кез келген азамат қызметтерді цифрлық форматта өзіне ыңғайлы тілде алады.

Бұл әлемдегі негізгі цифрлы үкімет трендімен сәйкес келеді. БҰҰ-ның 2024 жылғы E-Government Survey зерттеуінде цифрлы мемлекеттік басқарудың дамуында онлайн қызметтермен қатар жасанды интеллект, деректерді талдау, IoT және цифрлы сәйкестендіру жүйелерін біріктіру маңызды бағытқа айналғаны көрсетілген. Әлемде цифрлы үкіметтің даму деңгейі де айтарлық-

тай өскен. Цифрлы мемлекеттік басқарудың дамуынан артта қалған халықтың үлесі 2022 жылғы 45%-дан 2024 жылы 22,4%-ға дейін қысқарған. Осы тұрғыдан қарағанда Қазақстанның алдына қойылып отырған 2029 жылға дейінгі міндеттер әлемдік тренд екенін аңғаруға болады.

Мұнда QazTech платформасының маңызы ерекше. 39 мемлекеттік жүйені бірыңғай технологиялық негізге көшіру мемлекеттік ақпараттық жүйелердің бытыраңқылығын азайтып, деректердің өзара әрекеттесуіне жағдай жасауы тиіс. Президент Жарлығымен QazTech-тен тыс жаңа жүйелерді құруға мораторий енгізілуі де осы архитектуралық бірізділікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Әлемдегі трендпен үндес қадам

Қазақстанның бүгінгі цифрлы күн тәртібін әлемдегі үдерістерден бөлек қарас-

САНДЫҚ ЖҮЙЕ

ТАПСЫРМАДАН НАҚТЫ НӘТИЖЕГЕ ДЕЙІН

10 қыркүйекте Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен денсаулық сақтау саласын цифрландыру мәселелері бойынша кеңес өтті. Онда Мемлекет басшысының 2025 жылғы Жолдауында берген тапсырмаларын іске асыру барысы қаралды. Жиында медициналық ақпараттық жүйелерді біріктіру, медициналық қызметтердің сапасы мен көлеміне мониторинг жүргізуде жасанды интеллектіні қолдану, сондай-ақ цифрлық шешімдерді бүкіл денсаулық сақтау жүйесіне енгізу мәселелері талқыланды. Кеңеске Денсаулық сақтау, Жасанды интеллект және цифрлық даму министрліктері мен отандық IT-компаниялар қатысты.

2025 жылғы 8 қыркүйектегі Жолдауында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның үш жыл ішінде жаппай цифрлық елге айналуы қажеттігін атап өткен. Сондықтан жасанды интеллектіні экономиканың барлық саласына енгізу міндетін қойған еді. Мемлекет басшысы бұл үдерісте мемлекеттік басқаруды қайта құрып, оның ашықтығы мен тиімділігін арттыру қажеттігін де айтқан.

Денсаулық сақтау осы стратегиялық бағыттың маңызды салаларының біріне айналып отыр. Өйткені, бұл жерде цифрландыру тек жаңа технология енгізу немесе құжаттарды электронды форматқа көшірумен шектелмейді. Оның негізгі мәні медициналық деректерді бір ортаға жинақтап, сол ақпараттың негізінде шешім қабылдау, шығындарды бақылау және азаматқа көрсетілетін қызметтің сапасын арттыруға келіп тіреледі.

Үкіметте өткен кеңесте ұсынылған нәтижелер осы тәсілдің алғашқы тиімділігін көрсетеді. Бұған дейін бірінен бөлек жұмыс істеген 23 ақпараттық жүйеден бірыңғай e-Densaulyq экожүйесіне көшу жүріп жатыр. Қазір Денсаулық сақтау министрлігінің 12 жүйесінің 7-еуі біріктірілген. Деректерді бір рет енгізу және құжаттарды автоматты қалыптастыру дәрігерлердің ақпарат енгізуге жұмсайтын уақытын 40%-ға қысқартқан. Медициналық ақпаратты бір жүйеге жинау арқылы мемлекет денсаулық сақтау саласындағы нақты ахуалды толық көре алады. Сондай-ақ, тиімсіз немесе негізсіз шығындарды ертерек анықтауға мүмкіндік алады.



Бірыңғай деректер жүйесінің тағы бір маңызды нәтижесі медициналық қызметтерді бақылау бағытынан көрінеді. Ақпараттарды біріктіру нәтижесінде 1,4 млн. рецептке қатысты 400 мың ескірген пациент картасы жүйеден алынып, 31 млрд. теңге көлеміндегі шығынның алдын алуға мүмкіндік туған. Медициналық қызметтерді негізсіз тұтыну 7,1%-ға немесе шамамен, 7 млрд. теңгеге азайған. Ал қателерді анықтау тиімділігі 3,5 есеге артқан.

Бұл көрсеткіштер цифрландырудың әлеуметтік қызмет көрсету құралы ғана емес, мемлекеттік қаржыны басқару тетігіне айналып келе жатқанын көрсетеді. Яғни жүйе неғұрлым толық әрі өзекті дерекке сүйенсе, қаражаттың қайда және қандай көлемде жұмсалып жатқанын бақылау соғұрлым жеңілдейді.

Мұны лицензиясы жоқ медициналық ұйымдар мен тиісті сертификатының мерзімі аяқталған медицина қызметкерлерін анықтау мысалынан да көруге болады. Цифрлық бақылау нәтижесінде 38 медициналық ұйымда лицензияның жоқтығы анықталып, оның 27-сінің қызметі тоқтатылған. Сондай-ақ, сертификаттарының мерзімі аяқталған 2188 медицина қызметкері уақытша жұмыстан шеттетілген.

Осы тұрғыдан алғанда, Президенттің Жолдауында айтылған медициналық қызметтердің сапасы мен кө-

лемін жасанды интеллект арқылы бақылау жөніндегі тапсырма нақты басқару механизмдеріне ұласып келеді.

Қазір басты міндет ақпараттық жүйелердің санын көбейту емес, оларды біртұтас цифрлық контурға біріктіру болып отыр. Бірыңғай медициналық ақпараттық жүйе дәрігер үшін ортақ жұмыс құралына, ал мемлекет үшін саланы басқарудың негізгі ақпараттық базасына айналуы тиіс. Қазір медициналық деректердің бірыңғай қоймасы 12 жеке медициналық ақпараттық жүйеден, түрлі реестрлер мен анықтамалықтардан ақпарат жинап, мемлекеттік органдардың 50-ден астам ақпараттық жүйесімен интеграцияланған.

Жасанды интеллектіні енгізу бұл процестің келесі деңгейін қалыптастырады. Мәселен, орталықтандырылған телерадиология жүйесі 400-ден астам медициналық ұйымды байланыстырып, КТ, МРТ және маммография нәтижелерін AI алгоритмдері арқылы талдауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде диагностика уақыты төрт еседен астам қысқарып, патологияны ерте анықтау көрсеткіші 32,2%-ға артқан.

Телемедицина бағытындағы нәтижелер де цифрландырудың қолжетімділік мәселесін шешуге мүмкіндік беретінін көрсетеді. Жыл басынан бері 1 млн.-нан астам телеконсультация өткізіліп, 2,1 млн.-нан астам адам қашықтан медициналық қызмет алған. Оның 39%-ы ауыл тұрғындары.

Демек, бір жыл бұрын қойылған стратегиялық міндет бүгінде нақты жобалар мен өлшенетін нәтижелерге айналып келеді. Ендігі кезеңде басты талап – іске қосылған цифрлық шешімдерді жекелеген пилоттар деңгейінде қалдырмай, бүкіл ел бойынша бірізді енгізу және олардың тиімділігін тұрақты бағалау. Премьер-министр Олжас Бектенов те осы мәселеге назар аударып, денсаулық сақтаудың бірыңғай цифрлық контурын құру стратегиялық маңызға ие екенін атап өтті. Оның айтуынша, барлық жүйелер біріктіріліп, деректер қолжетімді әрі өзекті болуы қажет. Ал жасанды интеллект шешімдерін кеңінен енгізудің түпкі мақсаты медициналық қызметтердің сапасын арттыру, шығындарды оңтайландыру және әкімшілік кедергілерді азайту болуы тиіс.

Осылайша денсаулық сақтау саласындағы цифрландыруды жеке технологиялық жоба ретінде емес, мемлекеттік басқарудың жаңа моделіне өту процесі ретінде бағалауға болады.

Пердехан ШӘМШИЕВ,

сарапшы.

(Сурет: ЖИ арқылы жасалды).

БЮДЖЕТ НАҚТЫЛАНДЫ

VIII шақырылымдағы Алматы қаласы Мәслихатының кезекті LI сессиясы өтті

Жылда шаһардың 2026-2028 жылдарға арналған бюджетіне енгізілетін өзгерістер мен «Балалардың құқықтарын қорғау орталығы» КММ қызметкерлерінің лауазымдық ақыларына үстемақы белгілеу мәселелері қаралды.

Сессияда қала әкімі Дархан Сатыбалды сөз сөйлеп: «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, жаңа құрылымның жұмысымен бірге Қазақстан өз дамуының жаңа кезеңіне қадам басты. Бұл кезең институционалдық өзгерістермен қатар экономикадан нақты нәтижелерге қол жеткізуді және азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруды талап етеді. Біз қаланың ұзақ мерзімді дамуына негіз болатын ірі жобаларды жүзеге асыру кезеңіне көштік», – деп атап өтті.

Қазір қалада бес радиалды жолдың құрылысы, ЛРТ мен метрополитенді дамыту, жаңа LRT және BRT желілерін жүргізу, сондай-ақ инженерлік желілерді жаңарту мен әлеуметтік нысандар құрылысы қарқынды жүріп жатыр.

Нақтыланған бюджеттің жалпы көлемі 57,7 миллиард теңгені құрап, ішкі қайта бөлу есебінен жүзеге асырылмақ. Қаражаттың басым бөлігі білім беру, ден-



саулық сақтау және көлік инфрақұрылымын дамытуға бағытталған. Атап айтқанда, Әуезов, Алатау аудандары мен 11-шағын ауданда жаңа мектептер салуға, №158 мектепті қайта соғуға және №42 мектепті реконструкциялауға қолмақты қаржы бөлінді. Сонымен қатар, «Ақсай-2» шағынауданы мен Алмалы ауданында балабақша құрылысы қаржы-

ландырылып, оқушы орындарының тапшылығы 11,7 мың орынға азаяды. Медицина саласында Абай даңғылындағы орталықты балаларды оңалту орталығы ретінде қайта жаңартуға, «Шұғыла» шағынауданында амбулатория салуға және 120 резидентті даярлауға қаражат бөлінген.

Көлік саласы бойынша «Қалқаман»

метро бекетін іске қосуға 1,1 миллиард теңге, ал одан «Барлық» базарына дейінгі учаскеге 45 миллиард теңгеден астам қаржы бағытталады. «Жібек жолы» бекетінен әуежайға дейінгі метро желісін жобалауға 150 миллион теңге қаралды.

Рысқұлов даңғылын қала шекарасына дейін ұзартуға 5 млрд. теңге бағытталады. Мұқанов көшесін Гоголь көшесінен Райымбек даңғылына дейін ұзартуға 500 млн. теңге, ал Райымбек даңғылын Шығыс айналма автомобиль жолына дейін ұзартуға 5 млрд. теңге бөлінеді.

Сессия отырысында мәслихат депутаттары жауапты басқарма басшылары мен тұлғаларға бірқатар өзекті сауалдар қойды. Депутаттар мектептердегі орын тапшылығы, қаланың жол инфрақұрылымы, Құрылыс басқармасына «Жас қанат» шағынауданындағы жаңадан салынған үйлер мен Денсаулық сақтау басқармасына медициналық қызмет сапасын арттыру бойынша сұрақ қойды.

«Сессиядағы ең маңызды мәселелердің бірі – Алматы қаласының бюджетін нақтылау. Бүгінгі таңда кішігірім түзетулер жасалғанымен, бюджеттің өзі әлеуметтік салаға бағытталған. Қаражаттың едәуір бөлігі әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға және қаланың өзекті әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталады. Соңғы 5–7 жыл бұрын қала бюджеті 1 триллион теңгеге жетпейтін еді, ал қазір 2 триллион теңгеден асып отыр. Жасалған өзгерістердің барлығы тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған», – деді мәслихат депутаты Әміржан Нәбиев.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.
Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Қала қысқа дайын

Шаһарда 2026-2027 жылғы жылыту маусымына дайындық жұмыстары аяқталды. Қаладағы жылу беретін қазандықтар қысқы жүктемеге әзір. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте айтылды.

Биыл қала тұрғындарының шамамен, 35%-ына жылу жеткізетін «Алматыжылукоммунэнерго» ЖШС-нің 87 қазандығы толық дайын. Оның 9-ы ірі, 78-і шағын қазандық. Жалпы белгіленген жылу қуаты – сағатына 1879,5 Гкал.

Кәсіпорын бас инженерінің орынбасары Жақсылық Талдыбаевтың айтуынша, дайындық жұмыстары өткен жылыту маусымы аяқталғаннан кейін басталып, 26 тамызда толық аяқталған.

– Біздің қазандықтар Алматы тұрғындарының шамамен, 35%-ына жылу жеткізеді. Сондықтан әр нысанды қысқа сапалы дайындау – біз үшін үлкен жауапкершілік, – деді ол.

Дайындық аясында 85 қазандықта жоспарлы жөндеу

және профилактикалық жұмыстар жүргізілді. Тағы екі шағын қазандық жаңартылып, негізгі және қосалқы жабдықтары толық ауыстырылған. Мамандар қазандық агрегаттарымен қатар газ және электр жүйелерін, құбыржолдар мен автоматтандыру құрылғыларын тексеріп, жөндеген.

– Қазір «Алматыжылукоммунэнерго» ЖШС қазандықтары жылыту маусымына 100% дайын. Барлық жабдық техникалық тұрғыдан жарамды және қысқы жүктемеге әзір, – деді Жақсылық Талдыбаев.

Дегенмен, қысқа дайындық тек жылу жүйелерінің әзірлігімен шектелмейді. Жылыту маусымында тұрғындардың қауіпсіздігі де маңызды. Брифингте Алматы қаласы Төтенше

жағдайлар департаментінің өкілдері пеш пен электр жылыту құрылғыларын пайдалануға қатысты сақтық шараларын еске салды.

Мамандардың айтуынша, өрттің негізгі себептерінің қатарында тозған электр жабдықтары, пешті орнату және пайдалану талаптарының бұзылуы бар. Әсіресе, жеке сектордағы үйлердің пештері мен мұржаларына назар аудару қажет.

Қазір ТЖД қызметкерлері әкімдік, полиция және еріктілермен бірге аулаларды аралап, түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатыр. Профилактикалық шаралар барысында шамамен 600 үй қамтылып, 50-ге жуық көміртек тотығы датчигі орнатылған. Ал 2018 жылдан бері қала мен аудан әкімдіктерінің қолдауымен жеке үйлерге барлығы 1749 датчик қойылған.

Мамандар пешпен жылытылатын үйлердің иелеріне жылыту маусымы басталғанға дейін мұржаны тексеріп, оны кемінде екі айда бір рет күйеден тазалауды, пешті шамадан тыс қыздырмауды және оның маңына тез тұтанатын заттарды қоймауды ұсынады. Электр жылытқыштарын пайдаланатын тұрғындар да сымдар мен электр желілерінің жағдайын алдын ала тексергені жөн.

Ендігі міндет – жылу жүйелерінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету және тұрғындардың қауіпсіздік талаптарын сақтауы. Төтенше жағдай туындаған жағдайда 101 немесе 112 нөміріне хабарласу қажет.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.
Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Жаңа балабақша ашылды

Алматыда мектепке дейінгі білім беру инфрақұрылымын кеңейту жұмыстары жүйелі түрде жалғасып жатыр. Қанатын кеңге жайып келе жатқан Түрксіб ауданындағы «Қайрат» шағынауданында №192 бөбекжай-балабақша өз жұмысын бастады. Балабақшаның сыйымдылығы 260 балаға есептелген, ал орындар балалардың жас ерекшелігіне қарай бөлінген. Қабылдау кезінде 2024 жылы туған бүлдіршіндерге – 60, 2023 жылғы балаларға – 75, 2022 жылғыларға – 75 және 2021 жылы туған балаларға 50 орын қарастырылған.

Жалпы, №192 балабақшаның ашылуы, әсіресе, тұрғындар саны өсіп келе жатқан «Қайрат» шағынауданы үшін маңызды. Оның үстіне жаңа тұрғын үйлердің салынуы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына сұранысты да арттырып отыр.

Балабақшаның ашылу салтанатында қатысқан Түрксіб ауданының әкімі Дәмір Әкежанов нысанның құрылыс кезеңінде ғимараттың қауіпсіздігіне, балалардың күнделікті тұруына қажетті жағдайларға және аумақты абаттандыруға басымдық берілгенін баяндады. Балабақша заманауи жабдықтармен қамтамасыз етіліп, аумағында ойын алаңдары орнатылған, көгалдандыру және автоматты суару жүйесі қарастырылған.

Қазіргі қала жағдайында балабақша тұрғын үй массивінің әлеуметтік инфрақұрылымының бір бөлігіне айналып отыр. Бала үйінен алыс емес жерде балабақшаға баруы ата-ана үшін де, қала үшін де маңызды.

Алматы әкімдігінің мәліметінше, 2026 жылдың соңына дейін тағы 16 мектепке дейінгі ұйымды іске қосу жоспарланған. Оның бесеуі мемлекеттік, 11-і жекеменшік балабақша болады. Бұл қосымша орындар мектепке дейінгі жастағы балаларды қамту деңгейін 96,6%-ға дейін жеткізуге мүмкіндік береді деп күтілуде.

Рая ЕСКЕНДІР.





ЭКОНОМИКА

СЕНІМ ДӘУІРІ

Қаржы нарығы қалай болмақ?

«Целинный» заманауи мәдениет орталығында «Central Asia Fintech Summit – 2026» саммиті өтті. Биылғы тақырыбы – «Сенім дәуірі: алдағы онжылдықтағы қаржы нарығы қандай болады?».

Жиынға төрт мыңнан астам маман қатысып, қаржы нарығының өзгеруі, цифрлық активтер, жасанды интеллект, төлем жүйелері және алаяқтықпен күрес мәселелері талқыланды.

Саммиттің өзегінде технологияның қаржы саласына әсері ғана емес, осы өзгерістер жағдайында сенімді сақтау мәселесі тұрды. Қазақстан Ұлттық Банкінің төрағасы Тимур Сүлейменов: «Цифрлық технологиялар қаржы нарығының құрылымын түбегейлі өзгертіп жатыр. Жаңа қатысушылар, инвестиция құралдары және төлем тәсілдері пайда болуда. Осыған орай реттеушінің рөлі де өзгеруде. Біз алдағы оқиғаларды алдын ала болжап, инновациялар мен бәсекелестік үшін жағдай жасауымыз, әрі қаржы жүйесінің сенімділігі мен оған деген сенімді сақтауымыз керек», – деді.

Қаржы нарығындағы өзгерістердің бірі – 2026 жылғы қазаннан бастап бірінші санаттағы төлем ұйымдарының пайда болатыны. Олар төлем қызметтерімен қатар банк

операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыра алады. Бұл үшін капиталға, цифрлық инфрақұрылымға және ақпараттық қауіпсіздікке қойылатын талаптар күшейтіледі. Сондай-ақ, Қазақстанда цифрлық қаржы инфрақұрылымы да біртіндеп кеңейіп келеді. Банктер арасындағы мобильді төлемдер жүйесі іске қосылғаннан бері телефон нөмірі мен бірыңғай QR арқылы 20 миллионнан астам операция жасалған. Олардың жалпы көлемі шамамен, 400 миллиард теңгеге жеткен. Цифрлық теңгенің де қолдану аясы кеңеюде. 2026-2027 жылдары цифрлық теңге арқылы жасалатын операциялардың көлемі 2 триллион теңгеге жетеді деп күтіледі. Ұлттық Банктің өндірістік жүйелерінде жасанды интеллект негізіндегі 10-нан астам шешім жұмыс істеп тұр.

Саммитте цифрлық активтер нарығы да назардан тыс қалмады. Қазіргі таңда реттеуші ортада 34 жоба бар. Сонымен қатар, ұлттық криптоқорға 700 миллион доллар көлемінде қаражат бөлінген. Қаржы технологияларымен қатар, цифрлық қауіпсіздік мәселесі де талқыланды. National Antifraud Awards аясында алаяқтықпен күрестегі тиімді шешімдер атап өтілді. Ұлттық Антифрод-орталығының жұмысы нәтижесінде 1 қыркүйекке дейін жалпы сомасы 127 миллиард теңгені құрайтын алаяқтық операциялар уақытылы бұғатталған.

Іс-шарада Fintech Stars Battle стартаптар байқауының

қорытындысы да шықты. Банкирлер, венчурлық қорлар және IT-компаниялар өкілдерінен құралған қазылар алқасы блокчейн, жасанды интеллект, төлем жүйелері, цифрлық сәйкестендіру және ашық банкинг саласындағы жобаларды бағалады. Байқаудың бас жеңімпазы – SHART RATE жобасы. Олар онлайн мәмілелердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін цифрлық платформа жасады. Жобаға White Hill Capital компаниясы SAFE келісімі бойынша 100 мың долларға дейін инвестиция бөлді.

«Біздің басты мақсатымыз – стартаптарға нарықтың көшбасшыларынан капитал мен сарапшылық көмекке тікелей қол жеткізуге мүмкіндік беру. Байқау нәтижелері өңірде сұранысқа ие және қауіпсіз қаржы технологияларын жасай алатын мықты әзірлеушілер бар екенін дәлелдеді», – деді Kazakhstan Fintech Network бас директоры Диас Советқанов.

Жиын аясында халықаралық ынтымақтастыққа қатысты бірқатар келісімдерге де қол қойылды. Қазақстанның Ұлттық төлем корпорациясы мен Өзбекстанның HUMO компаниясы арасында жасалған меморандум екі елдің ұлттық QR-кодтарын өзара қабылдауға негіз қалады. Өзбекстан азаматтары Қазақстандағы тауарлар мен қызметтерге қазақстандық ұлттық QR көмегімен төлей алады, ал қазақстандықтар – Өзбекстанда UzQR бірыңғай ұлттық жүйесі арқылы төлемдер жасай алады. Сонымен қатар, тараптар екі елдің пайдаланушылары арасында банктердің мобильді қосымшалары арқылы аударымдарды дамытуды жоспарлап отыр. Бұдан бөлек, Tether және VEON компанияларымен технологиялық бағыттағы бірлескен жобаларды дамытуға арналған меморандумдар жасалды.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

НАҚТЫ СЕКТОР

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ:

Алматыда оң динамика қалыптасты



Шаһарда тұрғын үй құрылысының қарқыны артып, жаңа баспаналар кезек-кезеңімен ел игілігіне беріліп жатыр. Ресми дерекке сүйенсек, жыл басынан бері қалада 1,65 млн. шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. Сонымен қатар, кезекте тұрған азаматтарға да жаңа пәтерлер табысталып, мыңдаған отбасының баспана мәселесін шешуге мүмкіндік жасалуда.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2026 жылғы қаңтар–шілде айларында Алматыда 1 млн. 651,4 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. Бұл тұртырғы жылмен салыстырғанда, 4,3 пайыз көп. Оның ішінде көппәтерлі тұрғын үйлердің үлесі басым. Жыл басынан бері 1 млн. 449 мың шаршы метр көппәтерлі тұрғын үй пайдалануға

беріліп, бұл көрсеткіш бір жылда 4,7 пайызға артқан. Ал жеке тұрғын үйлердің көлемі 184,9 мың шаршы метр болды. Бұл көрсеткіштер мегаполисте тұрғын үй құрылысының негізгі бағыты көппәтерлі үйлер екенін көрсетеді. Жаңа тұрғын үй кешендерінің бой көтеруі қаладағы баспана қорын толықтырып қана қоймай, құрылыс саласының дамуына, жаңа жұмыс

орындарының ашылуына және экономикалық белсенділіктің артуына ықпал етеді.

Қала экономикасына құйылып жатқан инвестиция көлемі де жоғары. 2026 жылғы қаңтар–маусымда Алматыда негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 1,021 трлн. теңгеге жетті. Бұл мегаполистің экономикалық әлеуетінің жоғары екенін және құрылыс пен инфрақұрылымға сұраныстың сақталып отырғанын аңғартады.

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды баспана мәселесін шешуде мемлекеттік қолдаудың нақты мұқтаж азаматтарға бағытталуы маңызды екенін атап өткен болатын. Тұрғын үй құрылысының артуы да халық үшін нақты нәтижемен ұштасып отыр. Биыл қалада баспанаға мұқтаж азаматтардың тұрғын үй жағдайын жақсартуға бағытталған бірқатар жұмыс жүргізілуде. Шілде айында бірінші кезең аясында 885 отбасыға жаңа пәтердің кілті табысталды. Ал екінші кезеңде 1832 пәтерді беру жоспарланған. Оның бір бөлігі қазірдің өзінде тұрғындардың игілігіне берілді. Тамыз айында «Алтынай» тұрғын үй кешеніндегі 210 пәтердің кілті кезекте тұрған азаматтарға табысталды.

Биыл шаһарда жалпы 11 мыңнан астам мұқтаж азаматтың тұрғын үй жағдайын жақсарту жоспарланған. Оның ішінде 8250 адам жалдамалы тұрғын үймен қамтылса, 1298 азамат жеңілдетілген кредиттік бағдарламалар арқылы баспана алу мүмкіндігіне ие болады. Ал кемінде 1650 жас маман «Алматы жастары» бағдарламасы арқылы үйлі бола алады. Бұған қоса,

әлеуметтік осал санаттағы азаматтарға ипотеканың бастапқы жарнасының бір бөлігін жабуға көмектесетін 200 тұрғын үй сертификатын беру жоспарда бар. Жалдамалы баспанада тұратын азаматтарға жалдау ақысының бір бөлігін субсидиялау тетігі де жұмыс істеп тұр. Бұл шаралар тұрғын үй нарығындағы ұсынысты арттырумен қатар, баспананы әртүрлі санаттағы тұрғындар үшін қолжетімді етуге бағытталған.

Қаладағы тұрғын үй құрылысының бүгінгі қарқыны қалада жаңа баспана ұсынысының артып келе жатқанын көрсетеді. Ең бастысы – бұл үрдіс тұрғындарға берілетін нақты қолдаудың қатар жүріп отыр.

Жаңа үйлердің бой көтеруі – мегаполистің даму көрсеткіштерінің бірі. Ал олардың инфрақұрылыммен, мектептермен, балабақшалармен, медициналық нысандармен және көлік қатынасымен қамтамасыз етілуі тұрғындардың өмір сапасына тікелей әсер етеді. Сондықтан тұрғын үй саясатының нәтижесін тек салынған шаршы метрмен емес, жаңа пәтерге қоныстанған отбасылардың санымен де бағалауға болады. Осы тұрғыдан алғанда, биыл қаладағы құрылыс көлемінің өсуі мен тұрғындарды баспанамен қамту жұмыстары қатар жүргізіліп келеді.

Алда да жаңа тұрғын үй жобаларын іске асыру, әлеуметтік және жалдамалы баспананы көбейту, жастарға арналған бағдарламаларды жалғастыру арқылы қала тұрғындарының баспанаға қолжетімділігін арттыру көзделіп отыр. Демек, шаһарда салынып жатқан әрбір жаңа үй – қаланың тұрғын үй қорын толықтырып қана қоймай, талай отбасының баспана туралы арманын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жаңа қадам.

Дана САДЫРҚАН.
Инфографика: Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

ТЫҢ ИДЕЯЛАР ҚАЛАСЫ

Алматы – жаңа идеялар атуып, шығармашылық бастамаларға жол ашылатын қала. Бүгінде қаланың әр ауданында жастардың уақытын тиімді өткізуіне ғана емес, өз қабілетін сынап, жаңа дағды меңгеріп, идеясын жобаға айналдыруына мүмкіндік беретін кеңістіктер көбейіп келеді.

Креативті орталықтардың негізгі аудиториясы – өзін іздеп жүрген, жаңа бағыт байқап көргісі келетін жастар. Бірі мобилографияны меңгергісі келеді. Екіншісі графикалық дизайнға қызығады. Үшіншісі әлеуметтік желі жүргізіп, шағын кәсібін бастауды жоспарлайды. Мұндай кезде дайын білімнен бөлек, адамның идеясын қолдайтын орта қажет. Алматы Кітапханаларына қарасты Alatau Creative Hub осы бағыттағы алаңдардың бірі.

– Алматыдағы креативті орталықтар желісінің кеңеюі – жастар үшін өте маңызды үрдіс. Жастарға өздерін дамытуға, жаңа орта қалыптастыруға және шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ашық алаңдардың болуы аса қажет. Мұнда олар тек дайын білім алып қана қоймай, өз идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік алады, – дейді Alatau Creative Hub кітапханасының жетекшісі Сәуле Бабамұратова.

Оның айтуынша, орталықтың ерекшелігі – кітапхана қызметі мен білім, мәдениет және шығармашылық бағыттардың бір кеңістікте тоғысуында. Хабта жастар мен балаларға арналған кездесулер, пікірталастар, әдеби-мәдени кештер, шеберлік сабақтары мен шығармашылық үйірмелер тұрақты өткізіледі. Ақын-жазушылармен, мәдениет және өнер саласының өкілдерімен кездесулер де жастардың шығармашылық ортаға жақындауына мүмкіндік береді.

Креативті орталықтағы мүмкіндік міндетті түрде үлкен жобадан басталмайды. Кейде оның бастауы қарапайым үйірме болуы мүмкін. Қазір Alatau Creative Hub-та онға жуық тегін үйірме тұрақты жұмыс істейді. Оларға 350-ден астам бала мен жас қатысады. Бағыттар да әртүрлі: ағылшын және қытай тілдері, шахмат, сурет, сән иллюстрациясы, каллиграфия, көркем сөз және шығармашылық сабақтар.

– Балалар мен жастардың қызығушылығы жоғары. Әсіресе, шығармашылықпен тікелей айналысуға мүмкіндік беретін сабақтарға сұраныс көп. Себебі, бала өз қолымен бір нәрсе жасап, өзінің қабілетін байқап, нәтижесін көрген кезде шығармашылыққа деген қызығушылығы да арта түседі, – дейді Сәуле Бабамұратова.

Үйірмелерден бөлек, хабта мәдени-ағартушылық іс-шаралар да өткізіледі. Мұндай кездесулерге орта есеппен, 20-дан 100-ге дейін көрермен мен қатысушы жиналады. Ірі мәдени іс-шараларда бұл көрсеткіш одан да жоғары. Демек, креативті орталықтың нәтижесін тек өткізілген іс-шара санымен емес, оған келген жастың алған тәжірибесімен де өлшеуге болады.



Креативті қала туралы сөз болғанда, оның негізінде білім мен ізденіс жататынын да ескерген жөн. Осы тұрғыдан алғанда, заманауи кітапхана жастар үшін тек кітап алатын орын емес, жаңа идея қалыптасатын ортаға айналып келеді. Alatau Creative Hub кітапханасының абонемент бөліміне күн сайын 100-ге дейін оқырман келеді. Олардың арасында балалар мен жасөспірімдер, студенттер және ересек оқырмандар бар. Сәуле Бабамұратованың айтуынша, кейінгі уақытта жастардың өзін-өзі дамытуға арналған кітаптарға қызығушылығы байқалады. Психология, тұлғалық өсу, уақытты тиімді пайдалану, қарым-қатынас және эмоционалдық интеллект тақырыптарындағы кітаптар жиі таңдалады. Сонымен қатар, қазақ әдебиетінің классикасы да назардан тыс қалған емес. Абай, Мұхтар Әуезов, Ілияс Есенберлин шығармаларымен қатар шетел классикасы мен заманауи әлем әдебиетіне де сұраныс бар.

– Бүгінгі жастар кітаптан тек көркем шығарма ғана емес, өзіне пайдалы ақпарат, жаңа білім, мотивация және өмірлік бағыт іздейді. Сондықтан кітапхана да заман талабына сай өзгеріп, оқырманға жайлы әрі заманауи орта ұсынуы керек, – дейді хаб жетекшісі.

Алматыдағы комьюнити-орталықтарының жұмысы шығармашылық сабақтармен шектелмейді. Бағдарламалау, мобилография, кәсіпкерлік, кәсіптік бағдар, еңбекке орналасу, психологиялық және құқықтық көмек бағыттары да қамтылған. Бұл – креативті индустрияның түсінігі де өзгеріп келе жатқанын көрсетеді. Бүгінде видео түсіру, дизайн жасау, музыка жазу немесе цифрлық өнім әзірлеу тек хобби емес, табыс көзіне айналуы мүмкін. Мысалы, мобилографияны меңгерген жас шағын бизнеске контент жасап табыс таба алады. Дизайнер өз қызметін онлайн ұсынады. Бағдарламалауды үйренген жас цифрлық өнім жасауға мүмкіндік алады. Ал шығармашылыққа қызығатын жас өз жұмысын әлеуметтік желі арқылы аудиторияға ұсына алады.

Жастардың идеясы жеке шығармашылықпен ғана шектелмейді. Ол қаланың дамуына да әсер ете алады. Осы бағыттағы жобалардың бірі – «Жастар қатысатын

бюджет». Жоба жастарға қалалық ортаны дамытуға қатысты өз идеясын ұсынып, оны жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл жерде креатив ұғымын тек ерекше дизайн немесе жаңа форматпен шектеуге болмайды. Креатив – мәселені басқаша көріп, оған жаңа шешім ұсыну. Қоғамдық кеңістік, спорт алаңы, экологиялық бастама, инклюзивті орта немесе цифрлық сервис туралы ұсыныстардың әрқайсысы қала өміріне әсер етуі мүмкін.

Комьюнити-орталықтардағы жұмыстар халықаралық жобалармен де ұштасып келеді. 2025-2026 жылдары «Алматы – Түркі әлемінің жастар астанасы» жобасы аясында орталықтар базасында 8 мыңнан астам жасты қамтыған 60-тан астам іс-шара өткізілді. Жастар дипломатиясы, волонтерлік, экологиялық мәдениет, цифрландыру және азаматтық жауапкершілік бағыттарындағы жобалар олардың тәжірибесін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Ал ALMA LOVE фестиваліндегі Avenue Talent алаңы шығармашылық жастарға өз өнерін көпшілікке таныстыруға жол ашты. Мұнда музыканттар, орындаушылар, ақындар, бишілер мен суретшілер өнер көрсетті. Яғни креативті орта бір ғимараттың ішіндегі төрт қабырғамен шектелмейді. Ол кітапханадан басталып, хабқа, фестивальге, әлеуметтік жобаға, бизнеске және қалалық ортаға жалғасады.

Бүгінде Алматыда шамамен, 770 мың жас бар. Олардың бәріне бірдей дайын жол ұсыну мүмкін емес. Бірақ идеяны байқап көруге, жаңа мамандықты үйренуге, қателесуге, тәжірибе жинауға мүмкіндік беретін орта қалыптастыруға болады. Креативті орталықтың ең үлкен жетістігі де – ғимараттың толы болуы емес. Сол жерге келген адамның өз мүмкіндігіне сеніп, бір қадам алға жылжуы. Алматының жетістігін тек жаңа ғимараттардан немесе инфрақұрылымнан ғана емес, осындай мүмкіндіктерден де көруге болады. Себебі, қаланың болашағын оның кеңістіктері ғана емес, сол кеңістіктерде өз идеясын жүзеге асырып жүрген адамдары қалыптастырады.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

Инфографика: Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

Қазақ тарихында қашаршылық, қуғын-сүргін, соғыс секілді қасіретті кезеңдер көп болды. Оларды ұмытпау – парыз. Бірақ тарихты есте сақтау мен өткеннің қайғысына байланып қалудың арасы бөлек. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «ұдайы жапа шеккен ұлт кейпінен арылуымыз керек» деген сөзі де осыны меңзейді.

Болашаққа батыл қадам басайық!

26 тамыздағы Тамыз конференциясында Мемлекет басшысы жастарды тарихты дұрыс түсініп, болашаққа сеніммен қарауға шақырды. «Мұң-қайғы жастық шаққа, жастарға жараспайды» деген пікірін айтып, оптимист болуға үндеді. Бұл өткенді ұмыту емес, керісінше, одан сабақ алып, күш жинау деген сөз. Себебі, қазақ тарихында қасіретпен қатар жеңіс, қиындықты еңсеру және мемлекеттілікті сақтау жолындағы жетістіктер де бар.

Бүгінгі жастардың мүмкіндігі мол: шетелде білім алу, жаңа кәсіп бастау, технологияны меңгеру, өз идеясын әлемге таныту бұрынғыдан әлдеқайда қолжетімді. Сондықтан «бәрі қиын», «ештеңе өзгермейді» деген түсінік жастарды алға жетелемейді. Оларға үнемі мақтау немесе мін тағу емес, әрекет етуге мүмкіндік беретін орта қажет.

Ұлттық тарихты білу – өткенге жылап қарау емес. Тарихын білген жас тәуелсіздіктің қадірін түсініп, білім мен еңбектің, ел бірлігінің маңызын ұғынады. Сондықтан тарихты тек қасіретті оқиғалармен шектемей, ғылым, мәдениет, спорт және басқа да жетістіктермен бірге таныту маңызды. Жалған деректерге сүйенген патриотизмнің де қажеті жоқ.

Қазіргі жастар үшін Отанды сүю – ұранмен шектелмейді. Сапалы білім алу, адал еңбек ету, кәсіп ашу, ғылыммен айналысу, қазақ тілін дамыту және қоғамға пайда келтіру – патриотизмнің нақты көрінісі.

Жаңа заман жас ұрпақтан белсенділік пен сенімді талап етеді. Жасанды интеллект, технология, ғылым, кәсіпкерлік пен білімді игеру – болашақтың негізі. Сондықтан «мұң-қайғы жастарға жараспайды» деген сөзді өткенді жоққа шығару емес, тарихтан сабақ алып, болашаққа батыл қадам басуға шақыру деп түсінген жөн. Өйткені, тарихын білетін, бірақ болашағынан қорықпайтын ұрпақ – мықты ұлттың негізі.

Дана САДЫРҚАН

Азат Қосұмов пен Арнұр Әбдіқадырдың Алматыда тұрып жатқанына он жылдан асыпты. Бірі Ақтөбеден білім іздеп, енді бірі Жамбыл облысынан арман арқалап келген екі жастың тағдыры әдемі қалада табысты. Бүгінде олар бір қыз тәрбиелеп, екінші перзентін күтіп жүрген бақытты жанұя.

«АЛМАТЫ – ЕҢ АЛҒАШҚЫ МАХАББАТЫМ»

Жамбыл облысы, Шу өңірінің тумасы Арнұрдың мамандығы мұғалім. Бірнеше жыл университетте қызмет еткен. Қазір декреттік демалыста. Оңтүстіктің қызы батысқа келін болып, жаңа ортаға, жаңа өмірге бейімделу жолын көпшілікке көрсету үшін блог жүргізе бастаған. Ал ана атанғаннан кейін блогының бағыты одан әрі кеңейді. Бөпелі болғаннан кейінгі кезең, қызының қылықтары, өсіп-жетілуі мен дамуындағы ерекше сәттерді оқырмандарымен бөлісетін ол қазір отбасылық контент түсіреді. Ал жолдасы Азат Ақтөбе қаласында туып-өскен, қазір IT саласында еңбек етеді.

Екеуінің Алматыға келген мақсаты әртүрлі болғанымен, алып шаһар олардың өміріндегі ортақ мекенге айналды. Қалада білім алып, еңбек жолын бастады. Бір-бірін кездестіріп, шаңырақ көтерді.

«Алматы – біз үшін өте ыстық қала. Өйткені, өміріміздің ең маңызды кезеңдері осы жерде өтті. Осында оқыдық, жұмыс істедік, бір-бірімізді кездестіріп, отбасын

құрдық. Қызымыз дүниеге келді. Сондықтан Алматы десе, біз үшін ең алдымен өзіміздің тарихымыз, махаббатымыз және отбасымыз еске түседі», – дейді Арнұр.

Азат пен Арнұр бес жыл бұрын әлеуметтік желі арқылы танысыпты.

«Ең қызығы, бір-бірімізді алғаш бес жыл бұрын Instagram-нан таныдық. Сол кезде әлеуметтік желі арқылы осындай маңызды адамды кездестіремін деп ойламадым. Сондықтан Instagram біздің отбасылық тарихымыздың бір бөлігі десек болады. Кейін жолдасым Алматының орталығында алғашқы кездесуді ұйымдастырды», – деп еске алды Арнұр.

Естен кетпес кездесулер өткен қала орталығы олар үшін әлі де ыстық. Жастар бос уақытында бірге серуендеп, Алатауға қарап отырып, кофе ішкенді ұнатады.

«Әсіресе, Алматының тауы мен орталығы жанымызға жақын. Кейде арнайы жоспар құрмай-ақ, қаладағы әдемі сая-

бақтарда серуендеп қайтамыз. Екеуіміз ғана өткізетін кездер қазір өте бағалы», – дейді ол.

Арнұр Алматының табиғатын ерекше атап өтті. Қалаға таудың жақындығы отбасылық демалысты жоспарлауға өте ыңғайлы. Саябақта серуендеу, тауға шығу, табиғат аясында уақыт өткізу олардың отбасылық дәстүріне айналған.

– Алматының ең үлкен артықшылықтарының бірі – табиғаттың жақындығы. Қаладан көп ұзап кетпей-ақ тауға шығып, таза ауада уақыт өткізуге болады. Балаларымызбен табиғатқа шығу, саябақта серуендеу, тауға бару – біз үшін отбасылық демалыстың бір бөлігіне айналған, – дейді Арнұр.

Жас отбасының өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі – баспаналы болған кезі екен. «Үй алу, жөндеу жасау, әр бұрышын талғамымызға сай жасау оңай болған жоқ. Сол қиындықтардың өзі қазір жылы естелік болып қалды. Әр затты таңдап үйімізді біртіндеп отбасымызға ыңғайлы еттік. Жәймен өсіп келеміз», – дейді Арнұр.

Ата-ана атанғаннан кейін Арнұр мен жарының өмірінде Алматының орны одан сайын айықтала түскен. Бұрын оқу мен жұмысқа, достармен кездесіп, бірге уақыт өткізетін әр көшесі мен бұрышы отбасылық естелікке толы.

«Қызымыз дүниеге келгеннен кейін Алматы бізге бұрынғыдан да жақын болып кетті. Қазір бұл қалада бізбен бірге өсіп келе жатқан кішкентай қызғалдақ-қызымыз бар. Оның балабақшасы, жақсы көретін саябағы, баламызбен бірге баратын сүйікті орындарымыз бар. Екінші перзентімізді күтіп жүрміз. Біздің шаңырақ көтеріп, отбасы болған кезімізбен байланысты ең қымбат естеліктер осы қалада. Әсем шаһарды ата-ана ретінде басқаша қабылдаймыз. Алматы – біздің отбасымыздың тарихы басталған қала», – дейді Арнұр.

Қала күні қарсаңында Арнұр ыстық мекенге деген тілегін де жеткізді.

«Алматы жыл сайын көркейіп, жастарға, отбасыларға жайлы қала болып қала беруін тілер едім. Ал осы қалада отбасын құруды армандайтын жастарға бір-біріңізді қолдап, бірге арман құрып, сол армандарға бірге жетіңіздер дегім келеді. Себебі, қала қанша әдемі болса да, оны ерекше ететін – оның ішінде өмір сүріп жатқан жандар», – дейді Арнұр.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ОТБАСЫМ – ОРДАМ, ОТАНЫМ!

Отбасы күніне орай, Жетісу ауданында ұлттық құндылықтарды нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау және тұрғындарды бұқаралық спортқа тарту мақсатында «ADAL FAMILY GAMES – 2026» аудандық отбасылық спартакиадасы өтті.

Аталған спорттық іс-шара – отбасы мүшелерін ортақ мақсатқа жұмылдырып, ата-ана мен бала арасындағы өзара сыйластық пен қолдауды арттыруға бағытталған маңызды бастама. Спартакиада барысында қатысушылар спорттың түрлі бағыттары бойынша бақ сынап, ептілік, шапшаңдық және ұйымшылдықтарын көрсетті.

Аудан мектептері арасында ұйымдастырылып отырған «ADAL FAMILY GAMES – 2026» жарысының басты ерекшелігі – спорттық сайыстарға отбасы мүшелерінің бірге қатысқаны болды. Бұл өз кезегінде балаларды спортқа баулып қана қоймай, ата-аналарды да белсенді өмір салтын ұстануға ынталандыратыны анық. Жарыс алаңында әрбір отбасы бір команда ретінде өздерін таныстырып, жеңіске жету жолында бір-біріне қолдау білдірді.

– Мемлекет басшысы 2013 жылдан бастап қыркүйек айының екінші аптасын Отбасына арнағаны белгілі. Бүгінде салауатты ұрпақ тәрбиелеу мен отбасылық құндылықтарды дәріптеу қоғамның маңызды міндеттерінің біріне айналып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, отбасылық спартакиаданың тәрбиелік мәні зор. Спорт арқылы шыныққан отбасы дені сау, бел-

сенді әрі берекелі қоғамның негізі болады. Жарысқа қатысып отырған әрбір отбасы мүшелеріне және спорттық сайысты аса жоғары деңгейде ұйымдастырған №112 мектеп ұжымына алғысым шексіз, – деді Жетісу ауданы әкімінің орынбасары Жанасыл Сабырұлы.

Ұйымдастырылып отырған жарыс отбасы құндылықтарын нығайту және ата-ана мен бала арасындағы өзара сыйластық пен ынтымақтастықты арттыруды көздеген спорттық жарыс өскелең ұрпақ бойында адалдық, әділдік, жауапкершілік, тәртіп, еңбекқорлық және өзара құрмет қасиеттерін қалыптастырудың негізі. Әрі отбасылардың бірге уақыт өткізу мәдениетін қалыптастыру және салауатты өмір салтын насихаттаудың бір жолы.

Жетісу ауданында ұйымдастырылып отырған бұл спорттық мереке тұрғындар-

дың бұқаралық спортқа деген қызығушылығын арттырып, отбасылар арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтуға ықпал етті.

Спорттық жарыстың ең маңызды жеңісі – отбасының бірге болуы, бір-бірін қолдауы және денсаулықты ортақ құндылық ретінде дәріптегені болды.

«ADAL FAMILY GAMES – 2026» аудандық отбасылық спартакиадасына №87, №109, №177, №108, №66, №112 мектеп командалары қатысты. Олар «FAST FAMILY», «Пирамида», «DARTS», «Шармен», «STRONG FAMILY» сынды спорт түрлерінен жарысты.

«Адал ойын – әділ жеңіс!» қағидаты бойынша өткен жарыс қорытындысы бойынша №87 мектеп атынан қатысқан Қуанышбектер отбасы жеңімпаз деп танылды.

Рая ЕСКЕНДІР.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

РОБОТ-ДИРИЖЕР САХНАҒА ШЫҚТЫ



Ұлттық өнердің алтын арқауын Ұзбей, дәстүрлі музыканы жаңа буынға жаңаша жеткізіп жүрген Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі 93-концерттік маусымын ерекше жобамен ашты. Алматының туған күніне орай өткен мерекелік кеште оркестр сахнасына робот-дирижер шықты.

90 жылдан астам тарихы бар өнер ұжымы бұл жолы дәстүр мен технологияны бір сахнада тоғыстырып, ұлттық музыканы заманауи форматта ұсынды. Жаңа жобаның негізгі мақсаты – ғасырлардан жеткен күй өнерін бүгінгі көрерменге тың тәсілмен таныстыру болды. Ұйымдастыру-



шылар робот-дирижердің көмегімен ұлттық музыкаға, әсіресе, жас көрермендердің қызығушылығын арттыруды көздеген.

«Жоба ұлттық музыкалық дәстүр мен заманауи технологияны бір сахнада тоғыстыруды көздеді. Бұл – қазақтың дәстүрлі музыкасын сақтай отырып, оны қазіргі көркемдік және технологиялық шешім арқылы жаңа аудиторияға ұсынуға бағытталған үлкен эксперимент», – деді оркестрдің бас дирижері Абылай Тілепберген. Осылайша технология ұлттық өнердің орнын алмастырмай, оны танытудың жаңа құралы ретінде қолданылды.

Әдемі кеш Алматының туған күніне арналды. Көрермен күй өнерінің жауһарларымен қатар, қалаға арналған музыкалық шығармаларды, қазақ киносының танымал саундтректерін және классикалық туындыларды тыңдады. Мерекелік кештің музыкалық бағдарламасын DJ сүйемелдеуі толықтырды. Ал Алматының символдарының бірі – апорт алмасына арналған көрме көрермен назарына ұсынылды. Концертте дәстүрлі күй, классикалық музыка, заманауи дыбыс пен цифрлық технология өзара үйлесім тапты.

Жаңа маусымның ашылу кешіне танымал өнер жұлдыздары қатысты. Олардың

қатарында Жұбаныш Жексенұлы, Батыржан Мықтыбаев, Ұлжан Байбосынова, Айдос Жабағин және Әсель Рақымжан бар. Оркестрдің бас дирижері Абылай Тілепберген, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жексен Айсын және халықаралық, республикалық конкурстардың лауреаты Нарын Қажығали өз өнерлерін паш етті. Оркестрдің көркемдік жетекшісі – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткер Батыржан Мықтыбаев.

Ұжым 90 жылдық тарихында қазақтың дәстүрлі аспаптық музыкасын насихаттап, ұлттық мәдениеттің маңызды өнер ұжымдарының біріне айналды.

Музыкалық кеште оркестр репертуарындағы Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Дина, Сейтек сынды күй өнерінің көрнекті өкілдерінің шығармалары орындалды.

Маусым аясында робот-дирижер жобасымен қатар, көрерменге бірнеше жаңа жоба ұсынылды. Олардың қатарында «Kurmangazy: next cover concert», «Шам жарығындағы әуен», «QURMANFAZY COMPOSER LAB» және «Cinema hits» болды. Аталған жобаларда ұлттық музыка түрлі заманауи форматта ұсынылып, дәстүрлі шығармалар жаңа интерпретацияда орындалды. Ал «Cinema hits» жобасында кино музыкасы мен ұлттық оркестрдің үні тоғысты. Осылайша Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрінің 93-концерттік маусымының ашылуы ұлттық өнер мен заманауи технологияның үйлесімін көрсеткен ерекше мәдени кешке айналды.

Дана САДЫРҚАН.

Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ЖАҢА МАУСЫМ «АҚБАЛАМЕН» АШЫЛДЫ

Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театры 93-ші Атеатр маусымын «Ақбала» балетінің премьерасымен ашты.

Қазақ әдебиетінің классигі Әбдіжәміл Нұрпейісовтің әйгілі туындысы алғаш рет балетке арқау болып, театр сахнасында жаңа қырынан көрініс тапты. Қойылымға театрдың балет труппасы, симфониялық оркестрі, опера солистері мен хоры қатысты. Қылқобыздың қоңыр үні қойылымның музыкалық мазмұнын тереңдете түсті.

Қойылым алдындағы баспасөз мәслихатында Абай атындағы ҚазҰОБТ директоры Айнұр Көпбасарова театр тарихында тұңғыш рет Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясы заманауи балет өнерінің тілімен сахналық тұрғыда жаңаша пайымдалатынын атап өтті. Оның сөзінше, қойылым арқылы шығармашылық топ қазақ әдебиетінің көрнекті туындысын хореография өнерінің тілімен көрсетіп, кейіпкерлердің ішкі әлемін, жан толғанысы мен үмітін сахналық пластика арқылы жеткізеді.

– Біз 93-маусымды заманауи классикалық балетпен ашқалы отырмыз. Бұл балет «Қан мен тер» трилогиясындағы «Ақбала» образы арқылы беріледі. Заманауи тілде сөйлегенімен, өзінің ұлттық болмысын, ДНҚ-сын жо-



ғалтқан жоқ. Бірақ әлемге қазақ мәдениетін насихаттау үшін осы жылы заманауи бағытты таңдадық, – деді ол.

Балеттің хореограф-қоюшы режиссері – Берлин театрының көркемдік жетекшісі Аршак Галумян болды. Оның музыкасын композитор Аружан Октябрь жазды. Балеттің дирижер-қоюшысы – Нұржан Байбусинов, ал либретто авторы – Шынар Омарова. Балетке шетелдік мамандар да тартылған: сценограф – Элеонора Перонетти, хореограф ассистенті – Томас Клейн. Сондай-ақ, костюм суретшісі – Азиза Саимова, ал балет труппасының көркемдік жетекшісі Гүлжан Түткеебаева болды. Басты партияларды Ақбала рөлінде Милана Рахимбекова, Еламан рөлінде Архат Әшірбек, Тәңірберген рөлінде Рүстем Иманғалиев орындады. Қойылым саналы ғұмырын Абай атындағы театрмен байланыстырып, отандық балет өнерінің дамуына елеулі үлес қосқан белгілі өнер майталмандары Людмила Рудакова мен Эдуард Мәлбеков рухына арналды.

Жаңа маусымның ашылуына орай театр тарихы мен ұлттық өнердің көрнекті тұлғалары туралы сыр шертетін жаңартылған интерактивті музей де таныстырылды. Экспозицияда Күләш Байсейітова, Құрманбек Жандарбеков, Шара Жиенқұлова, Ахмет Жұбанов, Дәурен Әбіров және басқа да өнер қайраткерлеріне қатысты материалдар қойылған. Музей қоры қазақстандық театр-суретшілер мектебінің негізін қалаушылардың бірі Владимир Колоденконың сирек туындысымен де толықты. Балерина бейнеленген картина театрға сыйға тартылды.

Досбол АТАЖАН.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

«ОҚИТЫН ҰЛТ»

БАСЫЛЫМДАРДЫҢ ОРНЫ БӨЛЕК

Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында «Kitap Time – 2026» жалпыреспубликалық кітап фестивалі аясында «Республикалық және аймақтық баспасөз: газеттердің ахуалы мен әлеуеті» атты кездесу өтті. Оған мерзімді басылымдардың өкілдері қатысты.

Кездесу барысында, әсіресе, балаларға арналған газет-журналдардың маңызы сөз болды. Себебі, бала оқу мәдениетін алдымен сол басылымдардан үйренетіні айтылды.

Пікіралмасу кешін ашқан ҚР Ұлттық кітапханасының директоры Ғазиза Құдайберген іргелі кітапхананың негізгі қорын газет-журнал құрайтынын атап өтті.

– Бізге келушілер мерзімді басылымдар тігіндісін жиі сұрайды. Ал бірақ «қазір газет-журналдың заманы өтіп бара жатыр, оқылмайды» дегенде жүрегім ауырады. Өзім де сол басылымдарды оқып өскен ұрпақпын. Қазір керегімізді жасанды интеллекттен сұрай салатын болдық қой, бірақ бәрібір газеттегі ғылыми-зерттеу, танымдық мақалалардың орны бөлек. Менің ойымша, мерзімді басылымдар тарихтың куәсі ретінде архивтерде сақталуы керек. Бізде қазір цифрландыру үдерісі қарқын алды. 2022 жылдан бастап газеттер мен журналдардың электронды нұсқасын сақтауды жолға қойдық, – деді Ғазиза Құдайберген.

Кездесу меимандарының айтуынша, балаларға арналған басылымдардың ішінде таралымы жағынан алда келе жатқан «Балдырған» журналы. Неге, басқа газет-журналдар одан кем бе? Бұл сауал төңірегінде «Ұлан» газетінің Бас редакторы Жадыра Нармаханова ой тарқатты.



– Біз бала әріп тани бастаған кезінен оған қатты ден қоямыз. Ал орта сыныпқа келген кезінде, яғни осы «Ұлан», «Дружные ребята», «Мөлдір бұлақ», «Ақ желкен» сияқты басылымдарды оқитын кезеңінде олар бірден ескерусіз қалатын сияқты. Өйткені, ата-ананың көбі «сен өстің, жетілдің, газет-журналға өзің жазылып ал» деген көзқараспен қарайтындай. Бірақ баланың баспасөзге жазылатын ақшасы жоқ, оның бәрібір де-меушісі ата-ана. Әрі жол көрсетуші де, біліміне бағдаршам болатын да әке-шешесі. Біздегі тағы бір мәселе – ата-ана мен бала арасында диалог, пікіралмасу деген жоқ. Себебі, оларда ортақ тақырып жоқ. Ал ортақ тақырыпты табу үшін бала мен ата-ана контенттерді бірге тұтынуы керек», – дейді Жадыра Нармаханова.

«Ақ желкен» журналының Бас редакторы Балжан Мұратқызы әріптесінің бұл

сөзін қуаттай отырып, сондай-ақ бүгінгі оқырман сұранысының өзгергенін және соған сай болудың маңыздылығы туралы тілге тиек етті.

– Рас, қазір көпшілік керегін әлеуметтік желіден немесе ChatGPT-ден алады. Сондықтан бүгінгідей жаһандану заманында біздің алдымызда қалай сапалы өнім жасаймыз деген мәселе тұр. Бәлкім, ұмыт болған бұрынғы жанрларды тірілтетін шығармыз. Мысалы, очерктер, үлкен сұхбаттар берсек пе дейді бір ойымыз. Сосын жазған мақалаларымызды бәлкім подкаст түрінде шығарып, әлеуметтік платформадан балаларға арнап шағын канал ашуымыз керек шығар. Бұл идеямызды да пысықтап жатырмыз», – деді Балжан Мұратқызы.

Ал «Балдырған» журналының Бас редакторы Ерғали Бақаш өрендердің бетін

газет-журналға қалай бұрып жатқандарын айтты.

– Біз «Балдырған» сыйлайық!» деген жобаны қолға алдық. Мысалы, баламыздың туған күнінде бәріміз мектепке торт, сыныптағы жиырма балаға жиырма тәтті сусын көтеріп барамыз, солай ғой? Балабақшаға да дәл солай. Соның орнына жиырма балаға неге жиырма «Балдырған» сыйламасақ?! Бұл – ақша табу үшін емес, журналдағы ертегілер, әңгімелер арқылы баланың ойын, қиялын, сезімін, ақыл-ойын ұштағымыз келеді. Ал «Балдырғанды» оқып өскен бала «Ұланды», «Ақ желкенді» оқитыны, одан әрі кітап оқитын ұлттың зерделі азаматы болып шығатыны сөзсіз», – деді Ерғали Бақаш.

Нұржамал ӘЛІШ
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

«ҚАЗАҚФИЛЬМ»

ЖҰЛДЫЗДАР АЛЛЕЯСЫНДА

сегіз жаңа есім



12 қыркүйек – Қазақ киносы күні «Қазақфильмнің» Жұлдыздар аллеясында бірден сегіз жаңа есім пайда болды.

Аллеяға театр және кино режиссері Әзірбайжан Мәмбетов, актер Нұрлан Сегізбаев, кинотанушы Бауыржан Нөгербек, режиссер Болат Сүлеев, кинооператор Мұрат Нұғманов, режиссер Сламбек Тәуекел, қоюшы-суретші Әлім Сәбитов және режиссер Виктор Чугунов есімдері енгізілді. Бұл жаңалықтың өзі қазақ кино-

сының тарихына қайта үңілуге себеп болды.

– Қазақ киносының 85 жылға жуық тарихы бар. Осындай жолдан өткен тұлғаларды кейінгі ұрпаққа таныстыру маңызды. «Қазақфильмде» еңбек еткен азаматтардың есімін осылай ұлықтау – өткенді дәріптеп, тарихты келешекке жеткізудің бір жолы, – деді кинорежиссер Сатыбалды Текеев.

Қазақ киносының күніне арналған іс-шаралар мұнымен шектелмеді. Биыл режиссер Абдолла Қарсақбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай оның шығармашылығына арналған арнайы жоба қолға алынған болатын. Соның аясында Shahar



Gallery-де ашылған көрмеде Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесіне арналған суретші М.Фролова-Богрееваның түпнұсқа графикалық жұмыстары ұсынылды. 1964 жылы «ДЕТГИЗ» баспасынан жарық көрген кітаптағы иллюстрациялар арқылы Қожа бейнесінің

фильмге дейінгі көркемдік тарихын көруге болады. Қызығы – біз экраннан көріп үйренген Қожаның бейнесі алғаш кино кадрында емес, кітап бетінде дүниеге келген. Кейін Абдолла Қарсақбаев осы әдеби кейіпкерді экран тіліне көшіріп, қазақ киносының ең танымал туындыларының бірін жасады.

Көрме кураторы, суретші-сценарист Рамина Дембаева бұл үдерісті кейіпкердің бір өнер түрінен екіншісіне ауысуы ретінде түсіндіреді.

– Көрме образдың қалай туатынын кезең-кезеңімен қарастыруға мүмкіндік береді. Суретші сызық, силуэт, композиция және кейіпкердің мінезі арқылы жұмыс істейді. Ал кинематограф осы бейнені уақыт пен кеңістікке ауыстырып, оған қозғалыс, монтаж, жарық пен дыбыс қосады, – дейді Рамина Дембаева.

– «Менің атым Қожа» – бір кезеңнің ғана емес, бірнеше буынның балалық шағымен байланысты шығарма. Қожа бізге өзінің шынайылығымен, тентектігімен, қателігімен жақын. Сондықтан бұл фильмді әр буын өз заманына қарай қабылдайды деп ойлаймын. Ең бастысы – кейіпкердің ішкі болмысы өзгермейді. Оның жақсы адам болуға ұмтылысы бүгінгі балаға да түсінікті, – деді Радмила.

Абдолла Қарсақбаевтың мерейтойлық бағдарламасы арнайы көрсетіліммен жалғасты. Көрермендер режиссердің ең танымал туындыларының бірі – «Менің атым Қожа» фильмін қайта тамашалады. Бердібек Соқпақбаевтың повесі негізінде түсірілген картина Қожаның тентектігі, арманы, қателігі мен өзін түзетуге деген талпынысы арқылы балалық шақтың шынайы бейнесін көрсетеді.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Жаппай жаһандану мен технология дәуірі адам өмірін жеңілдеткенімен, оның көлеңкелі тұстары да жоқ емес. Соның бірі – жасөспірімдер арасында кең етек жайып келе жатқан артық салмақ пен семіздік мәселесі. Бір қарағанда, бұл тек сыртқы келбетке қатысты мәселе секілді көрінуі мүмкін. Алайда, мамандар оның баланың денсаулығына ғана емес, психологиялық жағдайына да елеулі әсер ететінін айтып, дабыл қағуда.



Сурет: ЖИ

«АРТЫҚ САЛМАҚТАН АРЫЛҒЫМ КЕЛЕДІ...»

Қазақстанда балалар арасындағы артық салмақ пен семіздік көрсеткіші жылдан-жылға өсіп келеді. Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты Ұлттық қоғамдық денсаулық сақтау орталығының 2025 жылғы мәліметіне сәйкес, елімізде әрбір алтыншы оқушы артық салмақпен күрессе, әрбір оныншы балада семіздік белгілері байқалады. Артық салмақ пен семіздікке шалдыққан балалардың 63 пайызы қала тұрғындарына тиесілі. Бұл көрсеткіш бойынша Алматы қаласы алдыңғы қатарда тұр. Жыл басындағы мәлімет бойынша, қаладағы мектеп жасындағы әрбір 100 баланың 24-і артық салмақпен тіркелген.

Бұл сандардың артында өз денесіне көңілі толмайтын, қатарластарының сынына ұшырайтын, өзін қоғамнан оқшау сезінетін балалардың тағдыры тұр. Жасөспірім кезеңінде сырт келбетке қатысты айтылған кез келген жағымсыз пікір баланың өзіне деген сеніміне кері әсер етуі мүмкін.

Педиатр-дәрігер Нұргүл Бестібек-қызының айтуынша, соңғы он жылда артық салмақпен қабылдауға келетін балалар саны айтарлықтай артқан.

– Бұрын менің қабылдауыма келген балалардың арасында артық салмағы барлардың үлесі 10–12% шамасында болса, қазір бұл көрсеткіш 30–35%-ға жетіп отыр. Ең алаңдатарлығы – қоғам мұны біртіндеп қалыпты құбылыс ретінде қабылдай бастағаны. Қазіргі оқушының өмір салты 90-жылдардағы балалардан мүлде өзгеше. Қозғалыс азайды, смартфон мен гаджетке тәуелділік артты, ұйқы режимі бұзылды. Ал тамақтану рационалы көбіне шектен тыс калориялы тағамдардан тұрады, – дейді маман.

Дәрігердің сөзінше, ата-ананың жұмысбастылығы да бұл мәселеге әсер етуде. Кей отбасыларда бала тәрбиесіндегі бос уақытты смартфон мен YouTube алмастырып, үй жағдайында дайындалатын пайдалы тағамның орнына фаст-фуд жиі ұсынылады.

Қозғалыс азайып, калория көбейді

Артық салмақтың негізгі себептерінің қатарында дұрыс тамақтанбау, қимыл-қозғалыстың аздығы, гаджетке тәуелділік және отбасындағы тамақтану мәдениеті бар. Таңғы ас ішпей сабаққа асығатын балалардың жолай чипсы, тәтті сусын немесе дайын тағам сатып алуы да жиі кездесетін жағдай.

Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенсек, еліміздегі 6–17 жас аралығындағы балалардың 37,5 пайызы күніне үш сағаттан артық уақытын экран алдында өткізеді. Қалада интернет пен цифрлық құрылғыларға қолжетімділіктің жоғары болуы бұл көрсеткіштің өсуіне ықпал етіп отыр.

Мектеп асханаларындағы тамақтану сапасы да назардан тыс қалмайды. Жаңа оқу жылынан бастап Алматы қаласының мектептерінде оқушылардың денсаулығына бағытталған тамақтану

жүйесіне басымдық берілуде. Алматы қалалық Білім басқармасы мен Ұлттық салауатты ас мәзірін әзірлеу орталығының бірлескен жұмысы нәтижесінде баланың жасына, қозғалыс белсенділігіне және ағза қажеттілігіне сай мәзір әзірленген.

Мектеп асханаларында сүзбе, көкөніс салаттары, табиғи йогурт, сұлы ботқасы, балық және көкөніс тағамдары ұсынылады. Арнайы мәзір мектеп медбикесі мен ата-аналар комитетінің келісімімен бекітіледі. Алғашқыда жоба Алматының үш пилоттық мектебінде жүзеге асса, кейін қаланың барлық мектептеріне енгізілген.

Сонымен қатар, мектептерде аптасына бір рет «Ұлттық тағам күні» өткізіледі. Бұл күні оқушыларға құрт, бауырсақ, қымыз, көже секілді дәстүрлі тағамдар ұсынылады. Мұндай бастамалар баланың денсаулығын нығайтумен қатар, ұлттық тағам мәдениетіне деген қызығушылығын арттырады.

Психологтар балалар арасындағы артық салмақтың тағы бір себебін эмоциялық күйзелістен көреді. Қиын сабақ, достарымен келіспеушілік немесе ата-анамен түсініспеушілік кезінде бала тәтті әрі майлы тағамдарға жиі жүгінуі мүмкін. Медицинада бұл құбылыс «эмоциялық тамақтану» деп аталады.

Алматы қаласындағы балалар диетологы, нутрициолог Айгүл Мырзатаева баланың тамақтану әдеті ерте жастан қалыптасатынын атап өтті.

– Баланың дәмдік талғамы жеті жасқа дейін қалыптасады. Осы кезеңдегі үйдегі тамақтану мәдениеті оның болашақ өмір салтына тікелей әсер етеді. Соңғы екі жылда артық салмаққа байланысты кешенді сезінетін оқушылар жиі келе бастады. Олар сырт келбетіне ұялып қана қоймай, сабақтағы үлгерімінің де төмендегенін байқатады. Сондықтан мәселені тек дене салмағынан емес, баланың ішкі психологиялық жағдайынан бастауымыз керек, – дейді маман.

Мамандардың айтуынша, балаға «семіздің», «толықсың» деп кінә тағу немесе үнемі салмағын сынау мәселені шешпейді. Керісінше, оның өзіне деген сенімін әлсіретіп, тамаққа тәуелділігін күшейтуі мүмкін.

Экран алдындағы тамақтану әдетке айналады

Бүгінде көптеген отбасында бала теледидар немесе смартфон қарап отырып тамақтанады. Зерттеу нәтижесіне сәйкес, оқушылардың 58 пайызы күн сайын смартфонға қарап отырып тамақтанатынын айтқан. Ал 37%-ы ата-анасымен бірге кешкі ас ішпейтінін мойындаған.

Экранға телміріп тамақтану адамның ағзадағы аштық пен тоқтық белгілерін дұрыс сезінуіне кедергі келтіреді. Соның салдарынан бала қажет мөлшерден артық тамақ жеуі мүмкін.

Дәрігерлер бұл мәселені ерте жастан бақылауға алудың маңыздылығын ескертеді. Алматы қаласындағы №1 қала-

лық балалар емханасының педиатры Әлия Жақсылықованың айтуынша, соңғы жылдары балалар арасында зат алмасу бұзылыстары жиілеген.

– Соңғы үш жылда біздің емханада семіздікке шалдыққан балалар саны 1,5 есе өсті. 8–12 жас аралығындағы балалар арасында инсулинге тәуелділік, май алмасуының бұзылуы және бауырдың майлануы секілді диагноздар жиі анықталып отыр. Бұл жәй ғана артық салмақ емес, болашақта созылмалы ауруларға алып келуі мүмкін күрделі мәселе, – дейді дәрігер.

Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының мәліметінше, балалық шақтағы семіздік ересек кезеңдегі артериялық гипертензия, инфаркт, инсульт және басқа да ауыр аурулардың даму қаупін арттырады. Алматы қаласы бойынша эпидемиологиялық есепте семіздікке шалдыққан балалардың 32%-да бауырдың майлануы, 17%-да инсулинге тәуелділік анықталған.

Бір баланың емес, қоғамның мәселесі

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулықты нығайту және аурулардың алдын алу» ұлттық стратегиясында балалар арасындағы артық салмақ пен семіздікті азайту басым бағыттардың бірі ретінде белгіленген.

Алматы қаласы Білім басқармасының мәліметінше, қаладағы 20-ға жуық мектепте тамақтану мәдениеті мен физикалық белсенділікті арттыруға бағытталған «Салауатты ұрпақ» жобасы қолға алынған. Жобаға ата-аналар мен оқушылар да белсенді қатысуда.

Алайда, мәселені шешуде медициналық мамандардың тапшылығы да кедергі болып отыр. Артық салмақты кей жағдайда тек диета мен дене жаттығулары арқылы емес, медициналық бақылаумен емдеу қажет. Алматы қаласында балалар эндокринологтарының жетіспеушілігі 28%-ды құрайды. Бұл ата-аналардың маманға дер кезінде жүгінуіне қиындық туғызып, баланың денсаулығын бақылауды кейінге қалдыруына себеп болуы мүмкін.

Артық салмақпен күрес – тек баланың немесе ата-ананың жеке жауапкершілігі емес. Бұл мәселеге мектеп, медицина саласы, жергілікті атқарушы органдар және жалпы қоғам бірге атсалысуы қажет. Балаларға дұрыс тамақтану мәдениетін үйрету, белсенді өмір салтын қалыптастыру және психологиялық қолдау көрсету – ортақ міндет.

«Артық салмақтан арылғым келеді...» деген баланың тілегі тек сымбатты болуға деген ұмтылыс емес. Бұл – дені сау, еркін әрі бақытты өмір сүруге деген табиғи талпыныс. Сондықтан әрбір баланың денсаулығына бейжай қарамай, мәселені дер кезінде қолға алғанымыз жөн.

Рая ЕСКЕНДІР.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ҰЛТ КЕЛЕШЕГІНІҢ КӨКЖИЕГІ

Жас ұрпақтың тамақтану мәдениеті мен ақпараттық қауіпсіздігі – мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне, демографиялық әлеуетіне және адами капиталының сапасына тікелей ықпал ететін стратегиялық факторлар. Президент Қасым Жомарт Тоқаев биылғы Тамыз конференциясының пленарлық отырысында бұл мәселені ашық көтеріп, Үкіметке балалардың ақпараттық және физиологиялық иммунитетін қамтамасыз етуді тапсырды.



– Тағы бір мәселе – фаст-фудтың агрессивті жарнамасы қаптап кетті. Тез ішіп-желінетін тағам зиянды әдет қалыптастырады, денсаулық сақтау жүйесіне салмақ түсіреді, еліміздің еңбек күші әлеуетіне теріс әсер етеді, – деді Мемлекет басшысы.

Бала денсаулығына ерте жастан мән берілмесе, өскелең ұрпақ есейгенде толыққанды еңбек етуге, ЖІӨ өсіміне үлес қосуға қиналады, еңбек өнімділігі төмендейді. Экономикалық тұрғыдан қарасаңыз, ұлт денсаулығының нашарлауы болашақта еңбек ресурстарының тапшылығына әкеп соқтыруы мүмкін. Дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, балалар аудиториясын зиянды маркетингтен қорғау – бүгінгі заман талабы. Мәселен, Ұлыбритания үкіметі құрамында май, қант және тұз мөлшері жоғары өнімдердің жарнамасын теледидар мен VOD платформаларында сағат 05.00 мен 21.00 аралығында көрсетуге тыйым салынған.

Сарапшылар да Мемлекет басшысының бастамасы дәл осы бағыттарға жүйелі іске асыруымыз керек деп отыр. Қоғаммен байланыс саласының сарапшысы, тәжірибелі маман Ажар Ерболаган:

– Бүгінгі таңда медиа кеңістігі мен ақпараттық өріс тек қоғамдық-саяси оқиғаларды ғана емес, ұлттың физиологиялық әрі ментальды саулығын айқындайтын басты майданға айналды. Пиар маманы ретінде қазіргі маркетингтің қаншалықты агрессивті, тіпті адам санасын билеп-төстейтін айла-шарғыға толы болып кеткенін іштен көріп отырмын. Заманауи манипуляциялық технологиялардың арбауына түскен аңғал тұтынушы өз денсаулығына зиян қылып, жарнаманың қақпанынан шыға алмай жатыр. Президентіміздің балалар денсаулығын қорғау және фаст-фуд пен зиянды тағамдардың агрессивті жарнамасын шектеу туралы бастамасы – дер кезінде көтерілген стратегиялық шешім. Мен бұл бастаманы кәсіби тұрғыдан да, азаматтық көзқарас тұрғысынан да толық қолдаймын. Кез келген егемен мемлекеттің ақпараттық саясаты тек саяси идеологиямен шектелмеуге тиіс. Бала тәрбиесі, мәдениет гигиенасы, эпидемиологиялық ахуал және халықтың тамақтану қауіпсіздігі сияқты іргелі құндылықтар ақпараттық кеңістікте мемлекет тарапынан қатаң қадағалануы қажет. Бұл – өркениетті елдерде қалыптасқан стандарт.

Сондай-ақ, байқасаңыз, әлеуметтік желілерде миллиондаған аудиториясы бар, бірақ жауапкершілікті сезінбейтін кейбір блогерлер мен инфлюенсерлердің зиянды өнімдер мен фаст-фудты «пайдалы» деп ашық насихаттап жатыр. Санасы әлі толық қалыптаспаған балалар мен жасөспірімдер болса «өздері пір тұтатын» блогерлердің сөзіне сеніп, денсаулығына нұқсан келтіруде. Ендеше, мұндай жауапсыз маркетингті ілгерілетіп жүрген, ұлт саулығына зиян тигізіп жатқан блогерлерге қатаң шектеу қойған жөн. Балаларымыздың болашағына, денсаулығына бейжай қарамайық, – деді сарапшы.

Балаларға бағытталған ақпаратты ұдайы сүзіп отыру, жасөспірімдердің дүниетанымына, денсаулығы мен психикасына зиян тигізер контенттерді саралау, агрессивті фаст-фуд жарнамасын шектеу – мемлекеттегі жетілген саясаттың көрінісі. Коммерциялық пайда не саяси пікірталасты кейінгі бағанға қойып, ең әуелі – балаларымыздың саулығы мен ұлттың келешегін ойлау – қашан да маңызды.

Дастан ҚАСТАЙ.

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 14 қыркүйектегі №3/405-1493 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің кейбір
қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Алматы қаласы әкімдігінің келесі қаулысына өзгерістер енгізілсін:
«Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 10 қарашадағы №4/675-1366: қосымшадағы:
реттік нөмірлері 5, 6, 10, 11 жолдары алынып тасталсын;
реттік нөмірі 4 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

4	Дзауров Исмәйл Мусаевич	20-313-062-037	«Көкшоқы» шағынауданы, Казачка көшесі, 10	жалпы - 0,0800 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0087
---	-------------------------	----------------	---	---

».
2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 14 қыркүйектегі №3/405-1494 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің кейбір
қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Алматы қаласы әкімдігінің келесі қаулыларына өзгерістер енгізілсін:
1) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2024 жылғы 21 қазандағы №4/530-2125: қосымшадағы:
реттік нөмірі 16 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

16	Сарженко Ирина Николаевна	20-321-018-225	«Самғау» шағынауданы, Аршалы көшесі, 58	жалпы - 0,1548 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0565
----	---------------------------	----------------	---	---

».
2) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2024 жылғы 21 қазандағы №4/530-2127: қосымшадағы:
реттік нөмірі 1 жолы алынып тасталсын.
3) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2024 жылғы 31 қазандағы №4/530-2226: қосымшадағы:
реттік нөмірі 120 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

120	Самбетов Чингиз Абаевич	20-311-041-235	Есентай көшесі, 38	жалпы - 0,0319 үлесі - 0,0139
-----	-------------------------	----------------	--------------------	-------------------------------

».
4) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 15 тамыздағы 3/470-1138: қосымшадағы:
реттік нөмірі 34 жолы алынып тасталсын.
5) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 10 қыркүйектегі №3/470-1188: қосымшадағы:
реттік нөмірі 25 жолы алынып тасталсын.
6) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 22 қазандағы №4/675-1295: қосымшадағы:
реттік нөмірі 7 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

7	Касанов Мурат Зиятдинович	20-315-038-088	Желмая көшесі, 19	жалпы - 0,0604 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0034
---	---------------------------	----------------	-------------------	---

»;
реттік нөмірі 18 жолы алынып тасталсын;
реттік нөмірі 33 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

33	Шабанов Израил	20-315-039-127	Чаплин көшесі, 27/72	жалпы - 0,0952 үлесі - 0,0522
----	----------------	----------------	----------------------	-------------------------------

»;
реттік нөмірі 85 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

85	Суменко Наталья Викторовна, Егорин Сергей Викторович	20-315-043-390	Желмая көшесі, 61/85	0,0674
----	--	----------------	----------------------	--------

».

7) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 10 қарашадағы №4/675-1364: қосымшадағы:
реттік нөмірі 52 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

52	Козаченко Павло Викторович, Казаченко Лариса Геннадьевна	20-321-020-1263	«Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Шюссейная көшесі, 40	0,0765
----	--	-----------------	--	--------

».

8) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2026 жылғы 21 қаңтардағы №1/1-85: қосымшадағы:
реттік нөмірлері 4, 5 жолдары алынып тасталсын.
9) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2026 жылғы 26 ақпандағы №1/1-219: қосымшадағы:
реттік нөмірлері 4, 8, 16 жолдары алынып тасталсын;
реттік нөмірі 67 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

67	Молбосынова Гулбаршин Курманаевна	20-321-020-1317	«Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Набережная көшесі, 53/1	0,0900
----	-----------------------------------	-----------------	---	--------

».

10) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2026 жылғы 17 шілдедегі №3/405-1077: қосымшадағы:
реттік нөмірі 1 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

1	Жубаназаров Кунанбай Кулынтаевич	20-321-004-059	«Өжет» шағынауданы, Шалкөде көшесі, 44	жалпы - 0,0746 үлесі - 0,0373
---	----------------------------------	----------------	--	-------------------------------

»;
реттік нөмірі 2 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

2	Жубаназарова Гулшат Кунанбаевна, Нургазиев Болат Есетович	20-321-004-059	«Өжет» шағынауданы, Шалкөде көшесі, 44, 1 корпус	жалпы - 0,0746 үлесі - 0,0373
---	---	----------------	--	-------------------------------

».

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 14 қыркүйектегі №3/405-1495 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 10 шілдедегі №41.1-41.05/862-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. «Шығыс қақпасы» су құбыры сорғы станциясын салу үшін, Валерий Владимирович Злотниковтың, Зарина Шамилевна Злотникованың, Денис Викторович Шестаковтың, Дарья Евгеньевна Шестакованың, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Құлжа тас жолы, 94 мекенжайында орналасқан, кадастрлық нөмірі 20-315-062-403, ауданы 0,3900 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602-кеңсе болып белгіленсін.
4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.
6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскесінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскені «Алматы қаласы энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 14 қыркүйектегі №3/405-1496 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 18 ақпандағы №54.1-54.03/721-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Ортақ пайдалану объектісі (саябақ) үшін Алматы қаласы, Медеу ауданы, Әл-Фараби даңғылының оңтүстігінде, Назарбаев даңғылының батысында орналасқан 21 (жиырма бір) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602-кабинет болып белгіленсін.
4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.
6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 14 қыркүйектегі №3/405-1496 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1.	Пиксина Ирина Вячеславовна	20-315-029-761	Панфилов көшесі, 245	0,1000
2.	Исабеков Канат Жоламанович	20-315-029-483	Панфилов көшесі, 249	0,0402
3.	Елманова Анжелика Зидиковна	20-315-029-726	Панфилов көшесі, 251	0,1431
4.	Ширбаева Клара Есімжановна	20-315-029-577	Панфилов көшесі, 253	0,0655
5.	Киреева Марина Сергеевна	20-315-029-580	Панфилов көшесі, 255	жалпы - 0,0679 үлесі - 0,0339
6.	Куликова Людмила Васильевна			
	Куликов Сергей Михайлович	20-315-029-580	Панфилов көшесі, 255	жалпы - 0,0679 үлесі - 0,0340
7.	Нугаев Ренат Шавкатович	20-315-029-581	Панфилов көшесі, 257	0,0598
8.	Внукова Эльвира Адамбековна	20-315-029-416	Панфилов көшесі, 259	0,0650
9.	Нзамов Данияр Зилавдиович	20-315-029-087	Панфилов көшесі, 263	0,0521
10.	Толчеева Валентина Владимировна	20-315-029-200	Панфилов көшесі, 280	0,0871
11.	Хорунжа Маргарита Александровна	20-315-029-144	Панфилов көшесі, 282	0,0550
12.	Туимебаева Ултуар Кансеитовна	20-315-029-131	Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 275/8	0,0859
13.	Колтакова Елена Юрьевна	20-315-029-466	11 Кірпіш зауыты көшесі, 44	0,0787
14.	Гариева Светлана Григорьевна Редин Евгений Григорьевич	20-315-029-445	11 Кірпіш зауыты көшесі, 46	0,0725
15.	Абдулла Наталья Евгеньевна Абдулла Рустам Мунассер	20-315-029-730	11 Кірпіш зауыты көшесі, 48	0,0132
16.	Луцевич Людмила Яковлевна	20-315-029-755	11 Кірпіш зауыты көшесі, 52	жалпы - 0,0869 үлесі - 0,0592
17.	Назаров Сергей Александрович Андреев Алексей Владимирович	20-315-029-755	11 Кірпіш зауыты көшесі, 52, корпус 1	жалпы - 0,0869 үлесі - 0,0277
18.	Жандуисенов Беркимбек Абдуллаулы	20-315-029-608	11 Кірпіш зауыты көшесі, 54	0,0666
19.	Шалбаев Маратхан Даншпаевич	20-315-029-496	11 Кірпіш зауыты көшесі, 58	0,0260
20.	Сурова Елена Витальевна Суров Владимир Витальевич	20-315-029-682	11 Кірпіш зауыты көшесі, 62	жалпы - 0,0434 үлесі - 0,0217 үлесі - 0,0217
21.	Тен Светлана Едюновна	20-315-029-089	8-ші Гвардиялық дивизия көшесі, 101	0,0922

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 14 қыркүйектегі №3/405-1497 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Алматы ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 17 шілдедегі №22.1-22/761-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Ортақ пайдалану объектісі үшін Бағұстар Булатұлы Булатовтың Алматы қаласы, Алмалы ауданы, «Тастақ-2» шағынауданы, 5/1 учаске мекенжайы бойынша орналасқан, кадастрлық нөмірі 20-311-027-228, ауданы 0,0100 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602-кабинет болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иесін хабардар етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскесін меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскені «Алматы қаласы Алмалы ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орын-басарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі	Д.САТЫБАЛДЫ
Алматы қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 14 қыркүйектегі №3/405-1498 қаулысы	

Жер учаскесі шектеулі пайдалану құқығын белгілеу туралы (жария сервитут)

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 16 және 69-баптарына сәйкес, «Алматы қаласы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 26 маусымдағы №34.1-34.03/1089-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- 2029 жылдың соңына дейін құрылыс кезеңінде «Алматы қаласы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүддесінде жария сервитуттың шекара жоспарына сәйкес «Көкжайлау» тау шаңғысы кешеніне апаратын жол салу үшін Алматы қаласы, Бостандық ауданы, «Көкшоқы» шағынауданы, 1/10 учаске, кадастрлық нөмірі 20-313-047-024, жалпы пайдаланымдағы елдімекендердің жерлерінде орналасқан, жалпы ауданы 0,9724 га жер учаскесінің 0,1665 га бөлігіне шектеулі пайдалану (жария сервитут) құқығы белгіленсін.
- «Алматы қаласы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскесінің меншік иесін (жер пайдаланушыны) шектеулі пайдалану құқығының (жария сервитут) белгіленгені туралы және аталған жер учаскесінде құрылыс жұмыстарын бастау мерзімдері туралы хабардар етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
 - осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
 - осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
 - Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орын-басарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі	Д.САТЫБАЛДЫ
------------------------	-------------

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ядролық физика институты» ШЖҚ РМК 2027–2036 жылдарға арналған «ЯФИ» ШЖҚ РМК, ӨЭБ, ҚББ, ТҚІШЖ үшін атмосфераға ластаушы заттардың шығарындыларына рұқсат етілген нормативтер (ШРЕН) жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Объектінің координаттары/мекенжайы: 43.349025, 77.150331, Алматы қ., Медеу ауданы, «Алатау» шағынауданы, Ибрагимов көш., 3/1.

Әсер ету аумағы: Алматы қ., Медеу ауданы, «Алатау» шағынауданы.

Тапсырыс беруші – «Ядролық физика институты» ШЖҚ РМК (заңды мекенжайы: Алматы қ., Медеу ауданы, «Алатау» шағынауданы, Ибрагимов көш., 3/1, БСН: 990440002559, тел.: + 7 705 660 58 91, email: v_artiomova@mail.ru).

Әзірлеуші – «Greenesta» ЖШС (Алматы қ., Сейфуллин даңғ., 531, «Сары арқа» БО, 414-кеңсе, БСН 190140016353, тел.: + 7 700 317 87 88, email: info@greenesta.kz).


Жоба құжаттамасы <https://ndbecology.gov.kz> сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде, сондай-ақ Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасының сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco> орналастырылған.

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz> сайтында, сондай-ақ Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасының электрондық поштасы бойынша қабылданады: uprirp@mail.ru.

Тыңдау өтетін күні: 23.10.2026, сағат 10.00.
Мекенжайы: Алматы қ., Медеу ауданы, «Алатау» шағынауданы, Ибрагимов көш., 3/1, оқу орталығының ғимаратында.

Zoom платформасында бейнеконференция.
<https://us05web.zoomus/j/83971502325?pwd=HUCDnNEO3JJgqu4u4NFcWzFibQXd4x.1>
Конференция идентификаторы: 839 7150 2325
Кіру коды: 8m3y3B

Қосымша сұрақтар бойынша мына мекенжайға хабарласуларыңызды сұраймыз: Алматы қ., Сейфуллин даңғ., 531, «Сары арқа» БО, 414-кеңсе, БСН 190140016353, тел.: + 7 700 317 87 88, email: info@greenesta.kz.



Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 14 қыркүйектегі №3/405-1499 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 28 қазандағы №34.1-34.03/3023-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Рысқұлов даңғылынан Бұқтырма көшесіне дейін Құлжа жолын реконструкциялау жобасы үшін, Ли Эма Михайловнаның, Тюгай Олегтің Алматы қаласы, Медеу ауданы, Құлжа тас жолы, 94/2 мекенжайы бойынша орналасқан, кадастрлық нөмірі 20-315-062-205, алаңы 0,1700 га 1 (бір) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.
- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 603-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала Жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелеріне жер учаскесінің өтемақысын төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін «Алматы қаласы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орын-басарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі	Д.САТЫБАЛДЫ
------------------------	-------------

«Алматы Ақпарат» медиахолдингі Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Бижанов Ақан Құсайынұлына жары Ғалия Рахымжанқызы МАҚАШЕВАНЫҢ өмірден өтуіне байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.
Алматы қаласы және аудандық Ардагерлер кеңестері Алматы қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақан Құсайынұлы Бижановқа жұбайы, белгілі ғалым, химия ғылымдарының докторы, профессор, Нью-Йорк академиясының академигі Ғалия Рахымжанқызы МАҚАШЕВАНЫҢ дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.
Бостандық ауданының Ардагерлер кеңесі Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Бижанов Ақан Құсайынұлына жары Ғалия РАХЫМЖАНҚЫЗЫНЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.
Жетісу ауданы Ардагерлер кеңесі Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Бижанов Ақан Құсайынұлына жары Ғалия Рахымжанқызы МАҚАШЕВАНЫҢ өмірден өтуіне байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.
Наурызбай ауданының әкімшілігі мен аудандық «Ардагерлер ұйымы» Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Бижанов Ақан Құсайынұлына өмірлік жары Ғалия Рахымжанқызы МАҚАШЕВАНЫҢ өмірден өтуіне байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.
Бостандық ауданының Ардагерлер кеңесі Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Ағайша Шермұхамбетқызы ИСАҒҰЛОВАНЫҢ дүниеден өтуіне байланысты жанұясына, туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.
Бостандық аудандық Ардагерлер кеңесінің ұжымы Қабланова Гүлсара Смайылқызына інісі Алтай ҚАМАРҰЛЫНЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, қөңіл айтады.

Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
тел.: 248-64-04.

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 248-60-08.

E-mail:
almatyaqparat@gmail.com

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ

Бас редактор –
Есхат БОЖАН

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ақпараттық-талдау
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика
бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым
және кері байланыс бөлімінің
редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 248-49-55. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com

Жарнама және
тарату бөлімі. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com
тел.: 248-49-55.
8 707 948 73 78

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

**ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША
ШАҒЫМДАР БОЛСА...
«Қазпошта» АҚ Алматы
почтамтына:**

8 777 078 53 48,
8 747 204 19 70 (WhatsApp)
**телефоны арқылы сағат 9.00–ден
18.00–ге дейін хабарласыңыз**

ALMATY AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
E-mail:
almatyaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет аптасына 2 рет,
сейсенбі және жұма күндері
шығарылады.
Нөмірдің таралымы –
10 360 дана (жұма)**

**Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР**

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ51VPY00150334
куәлігі 26.05.2026 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газеті
«AIR ASTANA» ауе компаниясының
бизнес-класс бортында және
«Жолаушылар тасымалы» АҚ
пойыздарындағы жолаушыларға
қолжетімді.**



ШАҢАР ШЫРАЙЫ

Мегалополис үшін Қала күні – шаһардың ажар-айбынын айшықтайтын ерекше мереке. Тау етегінде орналасқан, жасыл желегі мен жайқалған гүлзарлары жарасқан Алматы бұл күндері тіпті құлпыра түседі. Биыл қала көшелерін безендірген гүлдер тек төселген гүлзарлармен шектелмей, түрлі бейнеге еніп, шаһардың сәніне айналды. Арасында қанатты құстай керілген тауысқа, айбарлы барысқа ұқсатып жасалған көлемді гүл композициялары да көз тартады.



ғалауында – 20 мың шаршы метр, Сайран су қоймасы бойында – 15 мың шаршы метр және Halyk Arena маңында 7 мың шаршы метрден астам аумақта жасалды. Есентай жағалауындағы 20 мың шаршы метр аумақ тек гүлдермен безендіріліп қоймай, кешенді түрде көгалдандырылды. Мұнда жапонгүл, қызылқүрең, сарана, флокс, көкжалбыз, вейгела, алтыншар, лаванда, қоянтамақ, талқұрай,

раушан, көпіршікті бұта секілді өсімдіктермен қатар, қызғалдақ, сүмбіл және лалагүл егілді. Жағалаудың жасыл желегін толықтыру үшін 241 ұсақ жапырақты жөке, 198 Фриман үйеңкісі, 50 гинго билоба және 25 сәндік алмұрт ағашы отырғызылды. Ал тұрғындардың серуендеп, табиғатты тамашалауына арналған жалпы аумағы 3650 шаршы метр экосоқпақ салынды. Қалалық аумақтарды безендіру кезінде мамандар Алматының климаттық ерекшелігін, өсімдіктердің гүлдеу мерзімін, аптап ыстыққа төзімділігін, күтім жасау талаптарын және өзара үйлесімін ескерді. Көшелерге, саябақтарға, скверлерге, жолайықтарға және субұрқақтар маңына шырайгүл, барқытгүл, бегония, сальвия, цинерария, ақсәуле, газания, канна, катарантус және басқа да сәндік өсімдіктер егілді.

Гүлдердің түсі мен түрі де жауапкершілікпен таңдалған. Бір жерде қанық



түсті гүлдер көзге түссе, енді бір аумақта нәзік реңктер бір-бірін толықтырып, тұтас композиция түзеді. Ал көлемді мүсіндерде өсімдіктердің биіктігі, түсі мен жапырақ құрылымы ескеріліп, тірі гүлдер арқылы бейне жасалады.

Тынымсыз еңбектің нәтижесі

Көшеде көзге бірден түсетін гүл композицияларының артында бағбандардың тынымсыз еңбегі жатыр. Гүлді отырғызу, суару, құраған бөлігін алып тастау, топырағын күтіп-баптау – күн сайын атқарылатын жұмыс. Аптап ыстық күндері жасыл желек кешкі және түнгі уақытта суарылды. Қаланың жасыл аймақтарын күтіп ұстауға күн сайын 140-тан астам арнайы техника мен 400-ден астам қызметкер жұмылдырылады. Гүлден жасалған өзге де арт-композициялар «Шұғыла» шағынауданында, «Алатау» шипажайы маңында, Сәбденов көшесінде және Абай даңғылында орналастырылды. Олардың әрқайсысы қаланың сәулеттік кеңістігіне өзіндік реңк қосып, тұрғындар үшін ерекше фотоаймаққа айналып отыр.

Гүл – нәзік өсімдік. Оны отырғызу бір бөлек, жайқалтып ұстау бір бөлек. Сондықтан қала көркін арттыратын осындай композициялардың ұзақ сақталуы тұрғындардың да ұқыптылығына байланысты. Бұл – табиғатты қалалық кеңістікпен үйлестіріп, шаһардың ерекшелігін жаңа тәсілмен көрсетуге деген ұмтылыс. Гүлден жасалған тауыс қанатын жайса, қар барысы айбарын танытып, алма Алматының табиғи символын еске салады. Тау етегіндегі жасыл қалаға гүлден өрілген осындай бейнелер де жарасып-ақ тұр.

Дана САДЫРҚАН.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ҚАЛА ТАЗАРСА, САНА ТАЗАРАДЫ

Өткен сенбіде Алматы қаласы аудандары арасында ұйымдастырылып жатқан эстафета аясында Наурызбай ауданында ауқымды сенбілік өтті.

Іс-шараға қатысқан қала тұрғындары аудан аумағының санитарлық тазалығын қамтамасыз етіп, қоғамдық кеңістіктерді абаттандыруға өз үлестерін қосты.

Сенбілік жұмыстары басталмас бұрын 1500-ге жуық қатысушы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының ұйымдастыруымен түрлі белсенділік іс-шараларына қатысып, Zumba жаттығуларын жасады.

Еліміз бойынша өтіп жатқан «Таза Qazaqstan» республикалық экологиялық акциясы қоршаған ортаны қорғауға, елді-мекендердің тазалығы мен абаттандырылуын қамтамасыз етуге және азаматтар-

дың туған жеріне деген жауапкершілігін арттыруға бағытталған маңызды бастама.

Осыған орай, Наурызбай ауданындағы сенбіліктің басты мақсаты – аудан аумағының санитарлық тазалығын қамтамасыз ету, қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру, қоршаған ортаға ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыру және тұрғындарды ортақ іске жұмылдыру болды.

– Ауқымды сенбілікке 1500-ге жуық адам қатысты. Олардың қатарында аудан тұрғындары, мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері, еңбек ұжымдары, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, еріктілер мен белсенді азаматтар бар, – деді Наурызбай ауданының ресми өкілі Даяна Нұржанова.

Сонымен қатар, сенбілікке қатысушыларға алма, су, палау және қарбыз таратылып, арнайы мерекелік бағдарлама ұйымдастырылды.

Рая ЕСКЕНДІР.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

